

Назарова А.Ж.
**Қазақ және түрік тілдеріндегі
топонимдер**

Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі топонимдердің түрлерімен морфологиялық құрылымы қарастырылады. Қазақ және түрік тілдеріндегі топонимдердің құрамы мен құрылымы күрделі болып келеді. Топонимдердің морфологиялық құрылымы тілдің сөзжасамдық заңдылықтарымен тығыз байланыста болады. Сөзжасам құбылысы тек жаңа сөз жасау ұғымын ғана білдірмейді, сонымен қатар, ол семантикалық құбылыс болып табылады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі топонимдердің жасалуы барысында сөзжасамның барлық тәсілдері қолданылған. Топонимдер де, туынды сөздер сияқты сөзжасамның негізгі үш тәсілі арқылы жүзеге асады.

Түйін сөздер: топоним, аналитикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, лексика-семантикалық тәсіл.

Nazarova A.Zh.
**Toponyms in the Kazakh and
Turkish languages**

The article deals with morphological structure of place names in Russian and Kazakh languages. In Kazakh and Russian languages, the composition and structure of names is a complex process. Morphological structure of place names is closely connected with the rules of word formation of the language. Word-building means not only the formation of new words but also a semantic change.

In the process of creating place names in Russian and Kazakh languages are used all the ways of word formation. Place names the same as the derivative words are formed through three main ways of word formation.

Key words: toponym, analytical method, synthetic method, lexicon-semantic method.

Назарова А.Ж.
**Топонимы в казахском
и турецком языках**

В статье рассматривается морфологическое строение топонимов в русском и казахском языках. В казахском и русском языках состав и строение топонимов является сложным процессом. Морфологическое строение топонимов тесно связано с правилами словообразования языка. Словообразование означает не только образование новых слов, но также является и семантическим изменением.

В процессе создания топонимов в русском и казахском языках применяются все способы словообразования. Топонимы так же, как и производные слова, образуются с помощью основных трёх способов словообразования.

Ключевые слова: топоним, аналитический способ, синтетический способ, лексико-семантический способ.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ТОПОНИМДЕР

Географиялық нысандардың атауларын топонимдер (гректің Топос – «мекен, орын» және онома – «атау») деп атайды. Жалпы алғанда, лингвистиканың атаулар туралы саласы болып табылатын ономастика тұрғысынан алғанда, топоним дегеніміз – тілдің номинация қызметін атқаратын, атайтын және белгілейтін бірлігінің бірі. Белгілі бір белгісі бойынша, яғни аумақтық, тілдік, кейде хронологиялық ерекшелігі бойынша анықталатын географиялық атаулардың жиынтығын топонимия деп атайды. *Топонимия немесе топонимикон* топонимика ғылымының зерттеу объектісі болып табылады [1, 6.].

Топонимияны лингвистер тілдің айрықша лексика қабаты ретінде қарастырады. Ал географиялық ғылымдар тұрғысынан алғанда, топоним белгілі бір нысанға берілген атау ғана емес, оның, географиялық болмысын айқындап тұратын, мағыналық жүктемесі жағынан белгілі бір ақпарат бере алатын, жалпы алғанда сол нысанның өзінен айырып алуға болмайтын атау болып табылады. Топонимдер жергілікті жердің кеңістіктік сипаттамасын беретін бірден-бір белгі жүйесі қызметін атқарады. Ал топонимдерді (географиялық атаулар), олардың шығу тегі, дамуы, қазіргі жай-күйі, мағынасы, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым *топонимика* деп аталады [1, 6.].

Қазақ тіліндегі топонимдерді қалыптастыруға географиялық терминдер, күнделікті қолданыстағы сөздер, сан есімдер, түр-түсті білдіретін анықтауыштар қатысады, сонымен қатар топонимдерге адам есімдері (*антропоним*), халық, тайпа атаулары (*этноним*), өсімдік атаулары (*фитонимдер*), жануар атаулары (*зоонимдер*) негіз болады.

Қазақ және түрік топонимдерін географиялық негізде, жіктеу максатында: аумақтық жер бедері, жыныстардың құрамы мен құрылысы, климат пен ауа-райы, жердің төсеніш беті және өсімдіктер мен жануарға байланысты бірнеше семантикалық топтарға бөлуге болады.

Бірінші топты аумақтық жер бедерін сипаттайтын атаулар тобы құрайды. Қазақ және түрік тілдеріндегі тау, төбе, жота, шоқы, қырат, шатқал, жыра, аңғар атауларына өте бай екендігін және олардың жіктелген сипат алатындығы жөнінде пікір көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Осы бай мұрадағы метафоралық сөздер бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді:

– *жалпы адам мен жануарларға ұқсату*: Айғыржал (тау, Қарағанды обл.), Балашоқы (төбе, Шығыс Қазақстан обл.), Итжон (тау, Алматы обл.), Келіншектас (тау, Қарағанды обл.), Тышқанқұм (құм, Маңғыстау обл.); түрік тілінде: Mehmetbeyobası, Ahmetdağı, Ahmetpınarı, Mehmetağa, Ahmetbeyler, Mehmetalan, Karamehmet, Ahmettepesi, Ahmetyeri, Mehmetçavuş және т.б.

– *адам мен жануарлардың дене мүшелеріне ұқсату*: Түлкібас (төбе, Жамбыл обл.), Қабак (төбе, Қарағанды обл.), Мұрын (тау, Павлодар обл.), Тұмсық (төбе, Жамбыл обл.), Мойынқұм (құм, Алматы обл.), Кіндіктас (тау, Жамбыл обл.), Бауыр (тау, Қарағанды обл.), Бүйрек (тау, Қарағанды обл.), Қарын (төбе, Маңғыстау обл.), Жамбас (тау, Алматы обл.), түрік тілінде: Bozburun, Karakulak, Yeşilgöz, Kızılburun, Bozkuş, Kediüyü, Sazan, Turna, Yengeç, Yunus, Kelebek, Martı, Samur және т.б.

– *баспана бөліктеріне, тұрмыстағы заттарға ұқсату*: Асутөр (асу, Алматы обл.), Бесік (асу, Алматы обл.), Босаға (тау, Оңтүстік Қазақстан обл.), Керегешал (тау, Қарағанды обл.), Қақпақ (тау, Алматы обл.), Құлақшын (тау, Жамбыл обл.), Саты (Алматы обл.), Шаңырақтас (тау, Қарағанды обл.), Шокпартас (тау, Шығыс Қазақстан обл.), Шымылдық (тау, Шығыс Қазақстан обл.); түрік тілінде: Bel, Belen, Belenalan, Belenhan, Belenköy, Derebahçe, Derekuyu, Dereköva, Dereyayla, Pınarbaşı, Subaşı, Dağadibi, Gedik, Çamönü, Çamardı және т.б.

– *іс-қимыл, әрекетті білдіретін сөздермен әсірелеу*: Адамшықпас (төбе, Шығыс Қазақстан обл.), Балажетпес (тау, Шығыс Қазақстан обл.), Биесыймас (тау, Шығыс Қазақстан обл.), Бұққан (тау, Алматы обл.), Демікпе (асу, Алматы обл.), Жабық (төбе, Алматы обл.), Оқжетпес (тау, Ақмола обл.), Талмас (тау, Оңтүстік Қазақстан обл.); түрік тілінде: Yeşilgelme, Akgeçitköyü, Çiftkıranköyü, Yenidoğanköy, Doymuş, Gündoğdu, Etyemez, Selamaz және т.б.

– *мифологиялық-сакральды мазмұны бар бейнелі атаулар*: Әулие (тау, Жамбыл обл.), Әулиетебе (тау, Қарағанды обл.), Әулиешоқы (тау, Алматы обл.), Шайтансай (сай, Ақтөбе обл.) және т.б.

Екінші топтағы атаулар қатарына аумақтың геологиялық құрылысын сипаттайтын топонимдер жатады. Мұндағы атауларды жіктеу жыныстардың құрамы мен құрылысына, ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылады. Топонимдерде геологиялық жыныстар құрамы туралы ақпарат тура мағынасында (Борлы, тау, Ақмола обл.; Қабыршақты («улутасты» деген

мағынада; қоныс, Атырау обл.), Қайыршақ (төбе, Маңғыстау обл.) *Жезді* (қоныс, Қарағанды обл.), *Таскөмірсай* (Құрғак арна, Алматы обл.), *Күмісті* (өзен, Оңтүстік Қазақстан обл.), *Күйетас* (Текелі маңы, Суықтөбе тауы) және т.б. жатады.

Үшінші топтағы атауларға климатты және гидрографияны сипаттайтын топонимдерді жатқызады. Климат пен гидрографиялық жағдайды сипаттайтын атаулар тобының қалыптасуы ең алдымен бұл факторлардың шаруашылық маңызымен түсіндіріледі. Климаттық жағдайды сипаттайтын атаулар көбінесе оның басты белгілерін бейнелейтін *суық-ыстық, салқын-жылы, жасаурау, шуақ, жел (боран, жел, дауыл, ұйтқыма), бұлт, бұршақ, жасауын (жаңбыр), қар, тұман, қырау* лексемаларының қатысуымен жасалады. Мысалы түрік тілінде мынадай атаулар кездеседі: *Soğukpınar* (Суықпынар), *Soğuksu* (Суықсу), *Dutlupınar* (Шықтыбұлақ) сияқты топонимдер.

Төртінші топты төсеніш бетті сипаттайтын атаулар құрайды. Бұл атаулар тобына кейбір жайылымдық терминдер (борбас, құм, шақат және т.б.) негізінде қалыптасқан атаулармен қатар, ылғалдануы мен сортаңдану деңгейін бейнелейтін топонимдер жатады: *Алажер, Ақбалшық, Көкөзек, Ақтасты* (шөгінділердің түсін сипаттайтын атаулар), *Жосалы, Боржер, Бақалшақты, Ашудасты* (шөгінділердің құрамын көрсететін атаулар), *Қона, Сазды, Қорыс* (жердің ылғалдануын сипаттайтын атаулар), *Бозінген, Сортақыр, Сортаң, Сориасай* (сортаңдау деңгейін көрсететін атаулар), *Шалғынды, Шілікті, Тікенді, Талды* (өсімдік жамылғысын көрсететін атаулар).

Бұл топтамадағы топонимдер арасында тау мен қоныс, жайылымдық жерлер атауларының басым болуын осымен түсіндіруге болады. Осы ретте қазақ халқының төсеніш бетін сипаттайтын терминдерінің көпшілігі қазіргі ғылыми айналымға кеңінен енгендігін атап кетуге болады.

Бесінші топқа өсімдік және жануарлар дүниесін сипаттайтын атаулар топтастырылған. Жалпы алғанда, өсімдіктердің географиялық атаулар құрамында жиі кездесуін өсімдіктердің шаруашылық маңызымен түсіндіруге болады. Географиялық атаулар құрамында ағаштар және пайдалы өсімдіктердің де атаулары кездеседі. Олардың көпшілігі шаруашылық және күнделікті тұрмыста пайдалы өсімдіктер болып табылады. Қазақ және түрік тіліндегі өсімдік атауларымен байланысты топонимдер:

Алматы, Шилі, Шиөзен, Қайыңдықөл, Қандағаш, Ақтоғай, Көкпекті, Қосағаш, Шөптікөл, Теректі, Изенді, Қарақамыс, Қияқты, Алаботалы, Қарағайлы, Ағаштыкөл, Ошағанды, Ақши, Ақжісек, Ауыалық, Bademli, Erikli, Fındıklı, Gülpınar, Çiçekpınar, İhlamur, Armutlu, Payamlı және т.б.

Зоонимдердің қатысуымен жасалған атаулар төрт түлік малдың, жабайы жануарлардың және метафоралық теңеу сөздер ретінде жануар атауларымен байланысты болады. Мысалы: *Құланды, Семізбұға, Доңызтау, Шошқақөл, Жыланды, Құндызды, Шыбынды, Қоянды, Қасқасиыр, Таушанлы (Қоянды), Қушлы (Құсты), Қуштепе (Құстөбе), Kurttepe (Қасқыртөбе), Кеңілі (Еукилі), Geyikli (Қуикмі), Güvercin (Көгершін), Turna (Тырна), Turnasuyu (Тырнасуы), Kargakonmaz (Қарғақонбас), Yeşilkabak (Жасылқабақ), Elmalı (Алмалы), Ayvalı (Айвалы) және т.б.*

Тілдің лексикалық қоры, сөздердің шығуы, дамуы, мағынасы, құрылым жағынан түрлі тілдік бағытта зерттеу жұмыс тіл тарихымен қатар қоғам үшін де маңызды болып табылады. Тіл білімінде қол жеткен ғылыми жетістіктер баршылық, дегенмен тереңірек, кеңірек қарастыруды қажет ететін мәселелер де бар. Сондай мәселелердің бірі – топонимдердің семантикалық және сөзжасамдық тұрғыдан қарастыру. Қазақ және түрік тілдеріндегі топонимдер этимологиясы жағынан ғана емес, құрамы мен құрылымы жағынан да күрделі болып табылады. Топонимдерді сөзжасамдық тұрғыдан қарастыру, оларды семантикалық жақтан да анықтауға мүмкіндік береді.

Жалқы есімдер қай тілдің болмасын ішкі тілдік заңдылықтарына тікелей бағынышты болады. Мұндай ерекшелік жалқы есімдер тобының бір тармағы болып табылатын топонимдерге де тән. Топонимдердің морфологиялық құрылымы тілдің сөзжасамдық заңдылықтарымен тығыз байланыста болады. Сөзжасам құбылысы жаңа сөз жасау ұғымымен қатар, семантикалық құбылыс та болып табылады. Енді қазақ және түрік тілдеріндегі топонимдерді сөзжасамның: аналитикалық, синтетикалық және лексика-семантикалық тәсілдері арқылы жасалуын қарастырып көрейік.

Топонимдердің сөзжасамында аналитикалық тәсілдің маңызы ерекше. Қазақ және түрік тілдеріндегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған топонимдердің басым көпшілігі есім сөздердің бірігуі арқылы жасалады. Есім сөз таптарының ішінде зат есім мен сын есімдерден тұратын топонимдер жиі кездеседі.

Қазақ және түрік тілдеріндегі сын есім мен зат есімдердің бірігуі арқылы жасалған топонимикалық атаулар құрамында түсті білдіретін ақ, қара, көк, сары, жасыл, қоңыр т.б. сын есімдер мен зат есімдердің бірігуі арқылы жасалған топонимдердің құрамындағы зат есімдер, негізінен жер бедеріне байланысты немесе сол жердің өзіндік ерекшелігіне қатысты болып келеді. Мысалы: Сарыөзек – Сары+өзек (сын есім+зат есім), Ақтас – Ақ+тас (сын есім+зат есім), Ақшоқы – Ақ+шоқы (сын есім+зат есім), Қызылтау – Қызыл+тау (сын есім+зат есім), Karadağ – Kara+dağ (Қара+тау), Karatepe – Kara+tepe (Қара+төбе), Akşehir – Ak+şehir (Ақ+қала), Aktepe – Aktepe (Ақ+төбе), Gökova – Gök+ova (Көк+сай), Sarıkaya – Sarı+kaya (Сары+жартас), Boztepe – Boz+tepe (Боз төбе) және т.б. Екі тілдегі (қазақ, түрік тілдері) күрделі сөздердің құрамындағы зат есімдер (өзек, тас, шоқы, тау, dağ, tepe, şehir, ova, kaya) негізгі тірек сөздері болады да, сын есімдер олардың сын-сипатын беру мақсатында қолданылады.

Басқа күрделі сөздер сияқты топонимикалық атаулардың да тірек және ауыспалы сыңарлардан тұратындығын аңғаруға болады. Екі сөздің бірігуі арқылы жасалған кейбір топонимдердің құрамындағы сөздер өздерінің жеке тұрғандағы мағыналарын сақтамай, біртұтас мәнге ие бола отырып белгілі бір жер атауы ретінде жұмсалады. Мәселен, Көкөзек атауындағы *көк* сөзі, сол жердің түсін білдіріп тұрған жоқ, көк шөпті шалғынды жер екендігін білдіріп тұр. *Аққұм* – Балқаш көлінің түбегіндегі елдімекеннің аты. *Аққұм* топониміндегі *ақ* сын есімі, құмның түсін емес, құмның сусымалы, ақпа құм екендігін, яғни сипатын көрсетеді. Көктөбе – тау атауы (Қарағанды облысы). Бұл жерде *көк* сөзі «заңғар, биік» мағынасында қолданылып тұр. Сонымен қатар, *Қаракөл* атауындағы *қара* сөзі де судың түсін білдіріп тұрған жоқ. «Қара» сөзі жер деген мағынада қолданылып, «көлі бар жер» деген мағынаны береді. *Қаракөл* – ауыл атауы (Қарағанды облысы).

Қарабұлақ – село атауы (Қарағанды облысы). *Қарабұлақ*, *Қаракөл* атауындағы *қара* сөзі судың түсіне қатысты емес. *Қара* сөзі ежелден ақ «молдір бұлақ», «сусын» мағынасын берген. *Қарабұлақ* – жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы *қара* сөзін көне түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде қолданған. Яғни «жер бұлағы» деген ұғымда [2].

Сарыкөл, *Сарытөбе*, *Сарыарқа* атауларындағы *сары* сөзі «кең» немесе «мол» деген мағынаны береді. Яғни, көл, төбе зат есімдері-

нің *мол, үлкен, кең* екендігін сипаттап тұрғанын аңғаруға болады.

Ақтоғой, Ақсу топонимдеріндегі *ақ* сөзі «таза, тұнық, мөлдір» және «кең, үлкен» деген мағыналарды береді [2,13]. Олай болса, *Ақтоғой* топонимі «су, өзен жағасындағы шағын орманға ие» деген мағынаны береді. Ал *Ақсу* атауы судың ағындылығын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді.

Бізді қоршаған географиялық атаулардың түстермен байланысты қойылғандары айрықша топты құрайды. Тіл маманы К. Рысбергенованың соңғы зерттеулері (2010) қазақ топонимиясында 10 негізгі түс (ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, боз, ала, сұр, жирен) атрибутталғанын көрсетеді. Осы түстерді арасында топонимикалық белсенділігі жөнінен Қазақстанның барлық аймақтарында таралған *ақ, қара, қызыл, сары, көк* лексемалары басымдылық көрсетеді [7, 78]. Ал дүние жүзіндегі басқа да халықтардың ландшафт ерекшеліктерін қабылдауы ең алдымен түс арқылы болған. Сондықтан жер шарының кез келген түкпірінде түспен байланысты атаулар жетерлік.

Ал түрік тіліндегі топонимдердің жасалуында *ak* (ақ), *al* (ал қызыл), *ala* (ала), *beyaz* (ақ), *boz* (боз), *çakır* (сұр көк), *gök* (көк), *kara* (қара), *kır* (сұр, бозғылт), *kızıl* (қызыл), *kırmızı* (қызыл), *mavi* (көк), *mor* (күлгін), *rembe* (қызылт), *sarı* (сары), *siyah* (қара), *yeşil* (жасыл) сияқты 17 жуық түстер қолданылады [5,97]. Олардың арасында *ak* (ақ), *gök* (көк), *kara* (қара), *sarı* (сары) сөздері қоладнылады. Түрік тілінде 436-ға жуық *kara* (қара), сөзімен, 300-ге жақын *ak* (ақ), сөзімен, 137 *gök* (көк) сөзімен, 191*sarı* (сары) сөзімен жасалған топонимдерді кездестіруге болады [5,98].

Сонымен қатар, қазақ және түрік тілдері жалғалмалы тілдер болғандықтан сөзжасамның синтетикалық тәсілі туынды сөз жасаудағы ең негізгі тәсілдердің бірі болып табылады. Сондықтан екі тілде (қазақ, түрік тілдері) де, топонимдер жүйесінде синтетикалық тәсіл үлкен рол атқарады.

Қазақ және түрік тілдерінде синтетикалық тәсіл арқылы топонимдер жалпы туынды сөз жасау үлгісімен, яғни тілдік жүйедегі толық мағыналы сөзбен сөзжасамдық жүйедегі жұрнақтардың қатысуымен жасалады. Мысалы: Көкпекті, Жосалы, Қайыңды, Теректі, Ақтасты, Қарағайлы, Шығырлы, Çayırli, Findıklı, Geyikli, İhsanlı, Kayalı, Kovanlı, Dereli және т.б.

Келтірілген мысалдардан топонимдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуында сөз ту-

дырушы жұрнақтардың ішінде –лы, лі, -ды, -ді, -ты, -ті жиі қолданылады. Бұл жұрнақтар деректі, дерексіз ұғымды білдіретін зат есімдерге жалғанып, жердің белгілі бір табиғи, географиялық ерекшелігіне қарай сол жерге атау болатын сөз түрінде қалыптасады. Бұл жұрнақтар қазақ және түрік тілдерінде ертеден қолданыста бар, олар негізгі лексикалық мағынаға үстеме, көптік ұғымды білдіретін грамматикалық мағына беріп тұр. Көкпекті – көкпек өсімдігі мол жер, Жосалы – жосасы қалың жер, Қайыңды – қайыңы көп жер, Теректі терегі көп жер, Ақтасты – ақ тастары көп жер, Қарағайлы – қарағайы көп өскен жер дегенді; түрік тілінде Findıklı – (Findık – жаңғақ) жаңғақ көп өсетін жер, Kayalı – (Kayа – жартаc) жартасы көп жер, Geyikli – (Geyik – бұғы) бұғы көп мекендейтін жер деген ұғымды білдіреді.

Синтетикалық тәсілдің келесі бір түрі, сөз тудырушы жұрнақтардың екі түбірдің арасында келіп те жер-су атауларының жасалуы болып табылады. Мәселен, *Қайыңдықөл, Құмдықөл, Шөптікөл, Егіндібұлақ, Талдықорған, Балықтыкөл, Samanlıören, Köklüdere, Ayvalıköyü, Bayramlıköyü* және т.б.

Бұл атаулар мынадай морфологиялық жолмен жасалынған: *Шөптікөл* – Шөп+ті+көл, жағасында шөбі қалың өскен көл, *Құмдықөл* – Құм+ды+көл, жағасы құмды көл, *Талдықорған* – Тал+ды+қорған, талы көп, талдан қорған жасалған жер; түрік тілінде: *Ayvalıköyü* – Ayva+lı+köyü, айвасы мол жер, *Köklüdere* – Kök+lü+dere, өзеннің бастауын алған жер, *Samanlıören* – Saman+lı+ören, саманды көп тоқыған жер деген мағына береді. Бұл топонимдердің құрамындағы сөз тудырушы жұрнақтар (-лы, лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -лі, -лі, -lü, – lu) екі түбірдің арасына келіп белгілі бір заттың, құбылыстың көптігін, сол жерде бар екенін білдіреді. Мұндай жағдайда тек синтетикалық тәсілмен ғана емес, аналитикалық тәсілмен де байланысты қарастыруға болады. Яғни, топонимдердің синтетикалық және аналитикалық тәсілдердің қатар қолданылуы арқылы жасалуы олардың сөзжасамдық сипатының ерекшелігін көрсетеді.

Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешқандай өзгеріске түспейді. Өзгеріске түскен сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып, жаңа мағыналы атау түрінде қолданылады. Қазақ және түрік тіліндегі жер-су аттарында лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалынған атаулар көптеп кездесе-

ді. Мысалы: *Майлықұдық* (май сөзі «қасиетті, құдыретті» деген мағынада – қасиетті құдық мағынасында), *Тектұрмас* (таудың аты; өткен-кеткендерді аңдитын таса жер мағынасында), *Жауыр* (кедір-бұдырлы жерге қатысты айтылған), *Тоғызқұдық* (көп құдығы бар жер), *Үштөбе* (сұлтөбе мағынасында; көне түркі сөзі үүс+төбе), Ынтымақ, Үйгентас, *Белағаш* (қайың, терек, қарағай өскен орманды алқап), Жем, Ынтымақ, Елек, Шұбар; түрік тілінде: *Gemi* (кеме), *Kurt* (қасқыр), *Okluk* (оқшантай), *Dere* (өзен), *Erik* (өрік), *Kül* (күл), *Yayla* (жазық-

тық), *Çevge* (айнала) және т.б. Бұл сөздер тілдің сөздік құрамына ең алдымен заттық ұғымды білдіретін жалпы есімдер ретінде қолданылып, кейін тілдің даму барысында жалқы есімдерге ауысқан қолданыстар болып табылады.

Сонымен, қазақ және түрік тілдеріндегі топонимдерді құрамы, құрылымы және семантикалық тұрғыдан салыстыра отырып, екі тілдегі (қазақ, түрік тілдері) топонимдердің ұқсастықтарын байқадық. Мұндай ұқсастықтардың болуы қазақ және түрік тілдерінің түбі бір туыстас тілдер екендігін дәлелдей түседі.

Әдебиеттер

- 1 Каймуллина К.Д. Топонимика: оқулық. Алматы: Дәуір, 2011. – 584.
- 2 Өлкенің жер-су аттары Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. – Қарағанды, 2001.
- 3 Жанұзақов Т. Қазақстан географиялық атаулары. – Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256.
- 4 Elif Bulut. Kastamonu ili merkez ve güney ilçelerindeki orun ve bazı cadde, sokak adları üzerine inceleme. Afyonkarahisar, 2013.
- 5 Nesrin Bayraktar. Türkçede renk adlarıyla özel ad yapımı. Journal of Language and Linguistic Studies, 9 (2), 95-114; 2013.
- 6 Yasan Eren. Yer Adlarımızın Dili. – Ankara: TDK. Yay:246. 2 basky, 1989.
- 7 Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2000. – 153 с.

References

- 1 Kaymulldinova K.D. Toponomika. Okuluk// Almaty: Davir – 2011. – 584.
- 2 Olkenin jer-su attary. Bibliografiyalikadebiyetterkorsetkishi. Karagandy, 2001.
- 3 Zhanuzakov T. Kazakhstan geografiyalik ataulari. Almaty obylysy// Almaty: Arys – 2005. – 256.
- 4 Elif Bulut. Kastamonu ili merkez ve guney ilçelerindeki orun ve bazı cadde, sokak adları uzerine inceleme. Afyonkarahisar, 2013.
- 5 Nesrin Bayraktar. Turkçede renk adlarıyla özel ad yapımı. Journal of Language and Linguistic Studies, 9 (2), 95-114; 2013.
- 6 Yasan Eren. Yer Adlarımızın Dili // Ankara: TDK. Yay:246. 2 basky -1989.
- 7 Pysbergenova K. Istorika-lingvysticheskoye issledovaniye toponimov Yuzhogo Kazakhstana // Almaty: Gylym -2000. – 153 с.